

## **Ұйымдасқан нысандағы қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту жөніндегі шаралар туралы**

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1992 жылғы 17 наурыз N 684. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Республикада экономикалық жүйені жаңарту, қоғамдық өмірдің әлеуметтік, рухани және басқа салаларындағы қайшылықтар мен қиыншылықтар, тәртіп пен жауапкершіліктің әлсіреуі хұқықты бұзушылықтың өсуімен ұштасуда. Хұқыққа қарсы қызметтің жаңа нысандары қалыптасып, қылмысты кәсіп етушілік күшеюде, қылмыс ұйымдасқан сипат алуда. Қылмысты топтардың халықаралық байланысы таралып барады, олардың жемқорлармен сыбайлас лауазымды адамдармен ауыз жаласуы белең алып келеді.

Ұйымдасқан қылмыс нысандарымен күресті күшейту, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және тыйым салу мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі аймақаралық басқармасы Ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі бас басқармасы болып қайта құрылып, оған ұйымдасқан қылмыстық қоғамдастықтарды анықтау, тыйым салу және қызметін тергеу жөніндегі міндеттер жүктелсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекет хауіпсіздігі комитетінде қазіргі құрылымдар негізінде құрылған сыбайлас жемқорлық пен контрабандаға қарсы күрес жөніндегі басқарма қызметінің негізгі бағыттары экономикалық және әлеуметтік құрылымдарды сыбайлас жемқорлықтан қорғау, ұйымдасқан қылмысқа, оның ішінде сыртқы экономикалық саладағы қылмысқа қарсы күресу  
д е п а н ы қ т а л с ы н .

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі басқармасына, Қазақстан Республикасы Мемлекет хауіпсіздігі комитетінің сыбайлас жемқорлық пен контрабандаға қарсы күрес жөніндегі басқармасына тергеліп жатқан қызметке, меншік нысанына қарамастан банкілердің барлық алыс-беріс түрлеріне қатысты мәліметтерді, сондай-ақ салық инспекцияларының, кеден және қаржы органдарының деректерін алу хұқы берілсін.

4 . < \* >

*Ескерту. 4-ші тармақтың күші жойылған - ҚР Президентінің 1995.08.08. N 2404 Жарлығымен.*

5. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінде экономика саласындағы хұқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Мемстаткомы, МХК, Прокуратурасы, Әділет министрлігі, Жоғарғы Соты, Жоғары төрелік соты, Кеден комитеті, банкі, қаржы және салық органдарының ақпарат-анықтамалық жүйелерімен өтемсіз негізде өзара іс-әрекет жасайтын республикалық автоматтандырылған деректер банкі құрылсын.

Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі хұқық қорғау және бақылаушы органдардың автоматтандырылған ақпарат жүйелері мен хабарлама желілерінің техникалық базасын, сондай-ақ қажетті жобалау-технологиялық құралдар жасау және ақпаратты қорғау үшін 1993-1994 жылдары қаржының басым тәртіппен бөлінуін көздейтін болсын.

6. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанынан Қаржы министрлігінің бас бақылау-тексеру басқармасы негізінде Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті құрылып, оған қарамағындағы бақылау-тексеру қызметтері штатының бір бөлігі берілсін.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы бақылау комитетіне өз бастамасы бойынша да, хұқық қорғау және салық органдарының ұсынуы бойынша да министрліктерде, мемлекеттік комитеттерде, бағыныстылығына, қызмет түрлері мен меншік нысандарына қарамастан банктерде, кәсіпорындарда, ұйымдарда және мекемелерде қаржы-шаруашылық қызметті тексеру, бюджеттік қаражаттың пайдаланылуына тексеріс жүргізу, ақшалай, оның ішінде валюталық қаржы мен материалдық игіліктердің сақталуы мен дұрыс жұмсалуды бақылауды қамтамасыз ету жүктелсін.

7. Мемлекеттік құрылымдарда сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатымен мемлекеттік өкімет пен басқару органдарында басшы қызметте істейтін, жекешелендіру тәртібін мемлекеттік тұрғын үй қорының өздері тұратын пәтерлерден (үйлерден) басқа мемлекет мүлкін меншігіне сатып алатын адамдардың өз отбасының мүліктік жағдайы туралы декларация беруге міндетті екені белгіленсін.

Мемлекеттік өкімет пен басқару органдарындағы лауазымды адамдардың қызмет бабындағы міндеттерін атқаруға байланысты кез келген нысанда кәсіпорындардан, ұйымдардан және азаматтардан сыйлық алуына тыйым салынсын. Мемлекеттік қызметшілердің қызмет бабындағы міндеттерін атқаруына байланысты басқа мемлекеттердің ұйымдары мен азаматтарынан алған сыйлықтары белгіленген тәртіппен мемлекет қорына тапсыруға жатады.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бас салық инспекциясымен бірлесе отырып, бір ай мерзім ішінде мемлекеттік өкімет пен басқару органдарында басшы қызмет атқаратын және

жекешелендіру барысында мемлекеттік мүлікті меншігіне алатын адамдар үшін декларациялар беру тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің олардың қызметтік міндеттерін орындауға байланысты басқа мемлекеттердің ұйымдары мен азаматтарынан алған сыйлықтарын мемлекет қорына тапсыру тәртібін белгілесін.

#### 8. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

бір ай мерзім ішінде Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті туралы Ереже әзірлесін және қабылдасын, оның құрылымы, штаты, қызметкерлерге еңбекақы төлеудің шарттары туралы мәселелерді шешетін болсын;

тиісті министрліктер мен ведомстволардың ұйымдасқан нысандағы қылмыс, сыбайлас жемқорлық және контрабандамен күрес жөніндегі мамандандырылған бөлімшелер қызметінің статусын, тәртібін сондай-ақ хұқық қорғау органдарына қарасты оперативтік және тергеу бөлімшелерінің материалдық-техникалық және қаржы жағдайын нығайту үшін құрылатын республикалық бюджеттен тыс қордың жиналуы мен пайдаланылу тәртібін белгілейтін нормативтік құжаттар әзірлеуін қамтамасыз етсін.

1992 жылдың 1-шілдесіне дейін осы Жарлыққа сәйкес құрылатын құрылымдардың қызмет үйлеріне, автокөлікке, жанар-жағар материалдарына, жеке қорғану құралдарына, радиостанцияларға, есептеу, видео-, кино-, дыбыс жазу, криминалистика техникасына деген қажеттілігін, қамтамасыз етудің; Ішкі істер министрлігінің және Мемлекеттік хауіпсіздік комитетінің ұйымдасқан нысандағы қылмыс, сыбайлас жемқорлық және контрабандамен күрес жөніндегі мамандандырылған бөлімшелері қызметшілерінің жалақысын арттыру үшін қажетті қосымша қаржылар, сондай-ақ шет елдерде қызмет атқару үшін қажетті валюталық қаржылар бөлудің шараларын қолдансын.

1992 жылдың 1-тамызына дейін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне ұйымдасқан нысандағы қылмыс және сыбайлас жемқорлықпен күресті жандандыруға бағытталған заңдардың жобаларын түсірсін.

9. Ішкі істер министрлігі мен Мемлекеттік хауіпсіздік комитеті оперативті және тергеу бөлімшелерінің қызметкерлерінің экономикалық білімдердің негіздерін оқып-үйренуін қамтамасыз етсін, басқа мемлекеттердің қылмыстың ұйымдасқан нысандарымен күресуге маманданушы арнайы қызмет орындарының жұмыс тәжірибесімен алмасуды ұйымдастырсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

